

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN**

**Л.Н.ГУМИЛЕВ ағ. ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабыковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИН и Российской Академии Естествознания, заведующей кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабыковны.

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

1 часть

Астана – 2016

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE



Орынбор мемлекеттік университеті
Оренбургский государственный университет
Orenburg State University



Пенза мемлекеттік университеті
Пензенский государственный университет
Penza State University



Тыва мемлекеттік университеті
Тувинский государственный университет
Tuvan State University



БМУ бизнес пен технология менеджменті институты
Институт бизнеса и менеджмента технологий БГУ
School of business and management of technology of BSU



Ресей халықтар достығы университеті
Российский Университет дружбы народов
Peoples' Friendship University of Russia



ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИН и Российской Академии Естествознания, заведующей кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабыковны.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабыковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

ӘОЖ 336.13.012.24 (574)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

«Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы» Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері- Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 .-374 б.

Труды международной научно-практической конференции «Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2016.-374с.

Works of the international scientific- practical conference "Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.-p.374.

Редакция алқасы:

САПАРОВА Б.С.– төрағасы, э.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

КУЧУКОВА Н.К. - төраға орынбасары, э.ғ.д., ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

САДВОКАСОВА К.Ж. – э.ғ.д., профессор , ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

АХМЕТЖАНОВА С.Б.- э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты

СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ.- ф.ғ.к., саясаттану PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры

КОРОЛЕВ Ю.Ю. – э.ғ.к., доцент, БМУ Бизнес пен технология менеджменті институтының «Бизнес-администрирование» кафедрасының меңгерушісі

ПАРУСИМОВА Н.И. – э.ғ.д., профессор, Орынбор мемлекеттік университетінің «Банковское дело и страхование» кафедрасының меңгерушісі

КУЗНЕЦОВА Т.Е. - э.ғ.к., доцент, Пенза мемлекеттік университетінің кафедрасының меңгерушісінің орынбасары

ДОНГАК Ч.Г. - э.ғ.к., доцент, Тыва мемлекеттік университетінің «Экономика и менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

ЖАМИЕВА А.Е. –хатшы, экономика магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының аға оқытушы

ISBN 978-601-7121-74-7 (ч.1)

ISBN 978-601-7121-71-6 (общ.)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Ж.М. Бұлақбай, Е. Байболат

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы

Мемлекеттер арасында сауда пайда болған сәттен бастап мемлекеттің сыртқы экономикасын реттеу мәселесі де алға қойылды. Сыртқы экономикалық қатынастар мәселесі дүниежүзілік саясаткерлер мен экономистердің, халықаралық ұйымдардың, жалпы азаматтық қоғам арасында тек зерттеу объектісі ғана емес, елдің экономикасын басқарудың тәжірибелік әдістерінің негізгі мәселелерінің бірі ретінде қарастырылып келді. Сыртқы экономика – елдің әл-ауқатының ең негізгі көрсеткіші [1, 12 б.].

Соңғы жылдары Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстар бойынша дәстүрлі әріптестер қалыптасты. Бұл мемлекеттермен жүргізілетін тауар айналымының динамикасы төменде келтірілген.

Кесте 1- Қазақстанның тауар айналымы бойынша сауда әріптестері (негізгі мемлекеттер)

Атауы	2010 жыл		2011 жыл		2012 жыл		2013 жыл		2014 жыл	
	млрд. долл. АҚШ	%-дағы үлесі	млрд. долл. АҚШ	%-дағы үлесі	млрд. долл. АҚШ	%-дағы үлесі	млрд. долл. АҚШ	доля в %	млрд. долл. АҚШ	%-дағы үлесі
Ресей	18,0	19,7	22,7	18,2	23,1	17,4	23,8	17,9	18,9	15,8
Қытай	14,1	15,4	21,3	17,0	21,7	16,3	22,7	17,0	17,2	14,4
Италия	11,2	12,3	16,1	12,9	16,3	12,3	17,5	13,1	17,1	14,3
Нидерланд	4,5	4,9	6,9	5,5	7,6	5,7	10,3	7,7	9,0	7,6
Франция	4,9	5,4	6,1	4,9	6,3	4,7	6,5	4,9	5,8	4,8
Швейцария	1,4	1,5	5,2	4,2	5,1	3,9	4,5	3,4	4,7	4,0
Туркия	1,8	2,0	3,3	2,6	3,5	2,6	3,5	2,6	3,3	2,8
Украина	2,1	2,3	4,4	3,5	5,3	4,0	4,3	3,2	3,3	2,8
Австрия	2,7	3,0	4,1	3,3	5,2	3,9	4,0	3,0	3,1	2,6
Германия	3,5	3,8	3,7	3,0	5,2	3,9	2,9	2,2	2,8	2,3

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мәліметтерінен құрастырылған

Соңғы бес жыл бойынша Қазақстанмен тауар айналым көлемі өсімі бойынша ең маңызды нәтижеге Швейцария (өсімі 3,4 есе), Нидерланд (2 есе), Туркия (1,8 есе), Украина (1,6 есе), Италия (1,5 есе) жетті. Келтірілген мемлекеттердің осы көрсеткіштің бұндай мәндерге жетің себебі болып қазақстандық экспорттың ұлғаюы болып табылады [2].

Кесте 2- Қазақстанның экспортының өзгерісі

Атауы	2010 год		2011 год		2012 год		2013 год		2014 год	
	млрд. долл. АҚШ	%-дағы үлесі	млрд. долл. АҚШ	%-дағы үлесі	млрд. долл. АҚШ	%-дағы үлесі	млрд. долл. АҚШ	%-дағы үлесі	млрд. долл. АҚШ	%-дағы үлесі
Италия	9,6	15,9	15,0	17,1	15,4	17,8	16,5	19,5	16,1	20,5
Қытай	10,1	16,8	16,3	18,5	14,2	16,5	14,4	17,0	9,8	12,5
Нидерланд	4,2	6,9	6,6	7,5	7,3	8,4	9,9	11,7	8,7	11,2
Ресей	5,7	9,5	7,4	8,4	6,1	7,1	5,9	6,9	5,2	6,6
Франция	4,4	7,4	5,4	6,2	5,6	6,5	5,5	6,4	4,7	6,0
Швейцария	1,2	2,0	5,0	5,6	4,9	5,7	4,3	5,1	4,5	5,8
Австрия	2,5	4,2	3,9	4,4	5,0	5,7	3,6	4,3	2,9	3,6
Туркия	1,2	2,1	2,6	2,9	2,7	3,1	2,6	3,1	2,3	2,9
Украина	0,7	1,1	2,7	3,0	2,4	2,8	2,0	2,4	1,7	2,1
Канада	2,4	4,1	2,6	3,0	3,1	3,6	2,7	3,1	0,7	0,9

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мәліметтерінен құрастырылған

Екінгі кестеде бірінші көрсетілген 5 елінде Қазақстанның экспорты өткен 5 жылда 1,5 еседен артық өскен. Экспорт өсім қарқынымен ең артық белгіленген Қазақстаннан Швейцарияға (3,4 есе), Нидерландыға (2 есе), Туркияға (1,8 есе), Украинаға (1,6 есе) және Италияға (1,5 есе) [3].

Кесте 3- Қазақстанға импорт бойынша:

	2010 жыл		2011 жыл		2012 жыл		2013 жыл		2014 жыл	
	млрд. долл. АҚШ	үлесі %	млрд. долл. АҚШ	үлесі %	млрд. долл. АҚШ	үлесі %	млрд. долл. АҚШ	үлесі %	млрд. долл. АҚШ	үлесі %
Атауы										
Ресей	8,9	31,3	12,3	39,4	17,0	36,6	18,0	36,8	13,7	33,3
Қытай	3,6	12,6	4,0	12,7	7,4	16,1	8,4	17,1	7,4	17,9
Германия	2,0	7,2	1,8	5,9	3,8	8,3	2,5	5,0	2,3	5,6
АҚШ	1,3	4,2	1,7	4,6	2,1	4,6	2,1	4,4	2,0	4,8
Украина	2,1	7,5	1,4	4,4	2,9	6,3	2,3	4,7	1,2	2,9
Франция	0,5	1,6	0,5	1,6	0,7	1,4	1,0	2,1	1,1	2,6
Корея Республикасы	0,5	1,7	0,6	1,7	1,0	2,1	1,3	2,6	1,1	2,6
Италия	1,9	6,7	1,6	5,1	1,0	2,1	1,0	2,1	1,0	2,5
Өзбекістан	0,5	1,5	0,8	2,1	0,8	1,7	1,0	2,0	1,0	2,5
Жапония	0,6	1,8	0,6	1,7	0,9	2,0	1,1	2,2	0,9	2,2

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ҚР Статистика комитетінің мәліметтерінен құрастырылған [2,3]

Соңғы 5 жылда Қазақстан импортының географиялық құрылымы маңызды өзгерістерге ұшыраған жоқ – әдеттегідей Ресей мен Қытай негізгі жеткізушілер болып табылады. Осы екі елдің жалпы импорт көлеміндегі үлесі 48-55% арасында тұрақты ұсталып тұр. Экспорттық тасымалдаудың салалық құрылымының статистикалық талдауы республика экономикасы әлі де экспорттық-шикізат бағытта екенін көрсетеді. Негізгі тауар топтарының соңғы 5 жылдағы жеткізу динамикасы келесі кестеде көрсетілген.

Кесте 3- Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылғы негізгі тауарларды жеткізу динамикасы (тауар айналымы бойынша)

	2010 жыл		2011 жыл		2012 жыл		2013 жыл		2014 жыл	
	млрд. долл. АҚШ	үлесі %	млрд. долл. АҚШ	үлесі в %	млрд. долл. АҚШ	үлесі в %	млрд. долл. АҚШ	үлесі в %	млрд. долл. АҚШ	үлесі в %
Атауы										
Азық-түлік тауарлары және шикізат	7,2	7,7	7,9	6,2	7,2	5,4	7,4	5,5	7,0	5,8
Минеральды өнімдер	49,6	53,1	73,7	58,0	73,0	55,0	74,0	55,4	66,8	55,9
Химиялық өнеркәсіп өнімдері, каучук	7,4	7,9	8,5	6,7	9,6	7,2	9,9	7,4	8,8	7,3
Былғары шикізаты, аң терісі және солардан өнімдер	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,2	0,1	0,2	0,1
ағаш және қағаз-целлюлозасы өнімдері	1,1	1,2	1,6	1,3	3,3	2,5	1,4	1,0	1,4	1,2
Тоқыма және одан аяқ киім жасау	0,6	0,6	1,0	0,8	1,3	0,9	2,2	1,4	2,3	2,5
Металлдар және олардан өнімдер	11,8	12,6	15,3	12,0	13,9	10,5	14,2	10,6	10,7	9,0
Машиналар, құрал-жабдықтар және транспорт құралдары	13,4	14,4	16,3	12,8	19,7	14,7	20,8	15,6	19,3	16,1
Басқа да тауарлар	2,1	2,2	2,7	2,1	3,6	2,7	3,5	2,6	3,1	2,6

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ҚР Қаржы министрлігі сайтының мәліметтерінен құрастырылған

Тауар айналымының жарытысынан көбін минералды өнімдер алады, сонымен қатар соңғы 5 жылда олардың үлесі өзгермеген. Және де химиялық өнеркәсіптің өнімдері, металлдар, машина, құрал-жабдықтар және транспорт құралдарын жеткізудің көлемінің аз мөлшерде өзгергенін атап өткен жөн.

Өткен жылдар секілді негізгі экспорттық тауар ретінде соңғы 5 жылда көмірсутекті шикізаттар мен металлдар болып келді, 2014 жылы олар барлық экспорт көлемінің 81,6 % құрады, ал қарастырылып отырған жылы аз ғана 75-82 % аралығында өзгерістер көрсетті [4].

Қазақстан импортының құрылымы көбірек әртараптандырылған және құрылымы тұрақты болып табылады. Оның негізгі бөлігін (түрлі жылдарда 41% ден 44% дейін) машиналар, құралдар-жабдықтар мен көлік құралдары алады. Оның негізгі топ тауарлардан тұратын басқа компоненті (химиялық өнеркәсіп өнімдері, минералды өнімдер, тұтыну тауарлары, металлдар және метал өнімдері) өткен бес жылда жалпы көлемнен 42% ден 51% дейін үлес алған.

Сыртқы саудалық қызмет айналымы 2014 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 2013 жылдың тиісінше периодпен салыстырғанда 4,3% өсіп 13,2 млрд. АҚШ. долл. құрады. Қызмет импортының 1,3% шамалы өсімімен және экспортының 11,3% өсімімен, есепті кезеңде халықаралық қызмет балансының дефициті 4,6 млрд. долл. құрады, бұл негізгі периодтың көрсеткіштеріне қарағанда 6,6% кем.

Кесте 4-Қазақстан Республикасының сыртқы саудалық қызметтер айналымы (млн. АҚШ доллары)

Сыртқы саудалық қызметтер	Қаңтар-қыркүйек 2014 ж.	қаңтар-қыркүйек 2013 .	%
Сыртқы саудалық қызметтер айналымы	13 221,71	12 673,70	104,3
Қызмет экспорты	4 298,08	3 860,31	111,3
Қызмет импорты	8 923,63	8 813,39	101,3

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мәліметтерінен құрастырылған

Қарастырылып жатқан кезеңде қызмет экспорты 4,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Салыстырмалы кезеңіне қарағанда 437,8 млн. АҚШ доллары өсіміне негізгі ықпал еткен көлік қызметтері, олардың экспорты 19,2% өсті (405,5 млн. АҚШ доллары). Көлік қызметтері экспортталатын қызметтердің 59% үлесін алды. Бұл баб бойынша резиденттер табысы негізінде жүк тасымалдау қызметі арқасында құрылады, олар есепті периодта 2,1 млрд. АҚШ доллары құрып, бастапқы периодтың деңгейін 417,4 млн. АҚШ долларына асқан. Резидент еместердің жүк тасымалдау бойынша көрсеткен қызметтердің 24,4% өсімі ең негізінде республика территориясы бойынша құбыр желісі арқылы мұнай мен газ транзитінің жеткізуінің өсімімен байланысты (58,6%)

Басқа негізгі баб бойынша «Саяхат» қызмет экспортының теріс сальдосы 15,3% өсіп резидент еместердің Қазақстанға саяхаттарына шығындарының азаюына байланысты (7,2%) 271,4 млн. АҚШ доллар құрады, салыстырғанда Қазақстан туристерінің шетел саяхаттарына шығындары 3,5% кеміді [4].

Есепті кезең қорытындысы бойынша қызмет импорты 8,9 млрд. АҚШ долларын құрап бастапқы кезеңнің деңгейін 1,3% асып кетті. Импорт көлемінде әдеттегідей «Басқа да бизнес қызметтері» басымдылық етеді (есепті период қорытындысы бойынша 47,2%), оларды өтеуге 4,2 млрд. АҚШ доллары жұмсалған, бұл бастапқы кезең деңгейіне қарағанда 0,9 млрд. АҚШ долларына артық. Бұл бабтың құрылымында көбінесе маңызды өсім бизнес пен басқару бойынша кеңес беру қызметіне келді – 2 есеге таман 1,2 млрд. АҚШ долларына дейін, сондай-ақ сәулет және инженер-техникалық қызметтер – 46,1% өсім 2,0 млрд. АҚШ долларына дейін. Қарастырылып жатқан қызметтерінің импортының өсімі бірінші кезекте резидент еместердің Тенгіз кен орнын болашақтағы кеңейту жобасын жүзеге асыруға қатысуымен байланысты. Қашаған кен орнындағы құрылыстық жұмыстарының аяқталуы құрылыс қызметтерінің елеулі азаюының себебі болды (29,8%).

Халықаралық қызмет саудасының географиялық құрылымында Кеден одағының мүше елдері талданып жатқан кезеңнің сыртқы саудалық қызмет айналымының 23,6% құрады, ал Еуропа мен Азия елдері сәйкесінше 36,4% және 17,8% құрады. Қызметтердің экспорты мен импортының елдер құрылымында үлкен артықшылықпен бірінші орында Ресей Федерациясы – экспорт көлемінің 34 және импорттың жалпы құнының 18%. Қазақстан қызметтерінің негізгі тұтынушылары Ресей

Федерациясы – экспорт көлемінің 34%,Өзбекістан (7,1%),Қытай (6%),Қырғыстан (2,7%) және Германия(1,9%) болып табылады. Қызметтердің импортының елдер құрылымында да Ресей көшбасшы болып тұр – импорттың жалпы құнының (18%),одан кейін Ұлыбритания (9,8%),Қытай (6,5%),Туркия (4,9%), Италия (4,4%) және Нидерланды (3,3%) [5].

Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан кедендік-тарифтік саясаты экономиканың өндіруші секторының әлеуеті мен даму деңгейін ескере отырып,ұлттық экономикалық басымдықтарға байланысты құрылады,оның мақсаты ,үстінде айтылғандай, Қазақстан тауарлары мен қызметтерінің бәсекелес қабілеттілігін арттыру. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында экономиканың шикізаттық емес секторының дамуы жалғасып жатыр,бұл экономиканы әртараптандыруға және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға көмек көрсетеді.Сонымен бірге бастамшысы ұлттық холдингтер мен отын-энергетика кешені мен металлургия өндірісінің жүйе қалыптастырушы компаниялар болып жатқан экономиканың дәстүрлі экспортқа бағдарланған секторларда үлкен инвестициялық жобаларды жүзеге асырумен бірге Қазақстан үшін шағын және орта биснесті, экспортқа бағдарлану мен даму келешегі бар заманауи өндірісті құру мақсатында дамыту басымдық болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нармбаев М.К. Совершенствование внешнеэкономической деятельности Казахстана в условиях глобализации и региональной интеграции. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора экономических наук. КазЭУ им. Т. Рыскулова, 2009 г.

2.// [www. Nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz). Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 3.//www.stat.gov.kz Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі Статистика комитетінің сайты

4.// [www. ved.gov.ru](http://www.ved.gov.ru). Внешнеэкономическая деятельность РК.

5. // [www. minfin.kz](http://www.minfin.kz). Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі сайты «Статистикалық бюллетені»

ӘОЖ 658.15 (574)

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТІ БАСҚАРУ САЯСАТЫН ЖЕТІЛДІРУ

Бұлақбай Ж.М.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Корпорация қызметіне байланысты тиімді экономикалық шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету - дебиторлық берешекті басқарудың мақсаты. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі қағидаттарды сақтау қажет:

1. Меншікті капиталға қарағанда дебиторлық берешектің үлкен көлемін жинақтауға болмайды;

2. Дебиторлық берешек өсімінің салдарын алдын-ала болжау қажет;

3. Дебиторлық берешектің себепсіз өсуіне жол бермеу керек [1].

Дебиторлық берешекті басқарудың барынша тиімді болуына қол жеткізу үшін дебиторлық берешекті талдау кезінде, оған тікелей және жанама әсер ететін факторларды қарастыру қажет. Корпорацияның дебиторлық берешегін басқару процессін модельдеу мақсатында корпорацияның дебиторлық берешегін басқарудың мәселелерін шешу үшін дебиторлық берешекті басқарудың имитациялық моделі жасалды. Яғни негізгі мақсат берешекті басқаруды, корпорацияның дебиторлық берешегінің нақты өзгерісі туралы гипотезаны тексеру, нақты жағдайларды басқару шешімдерін қабылдауды қамтамасыз ету. 1-кестеде Ұсынылып отырған модельді сипаттау барысында қолданылатын айнымалылар көрсетілген.

Кесте 1- Дебиторлық берешекті басқару моделін сипаттау кезінде қолданылатын айнымалылар

№	Айнымалы	Айнымалылардың сипаттамасы
1	S	Дебиторлық берешектің артқан сомасы
2	P	Дебиторлық берешектің алғашқы шамасы
3	I	ҚР ҰБ қайта қаржыландыру ставкасы (келісімшарт мәтінде айыппұл көрсетілмеген жағдайда қарастырылмаса анықталады)